

Темір аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 84 шешімі . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 наурызда № 5279 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Темір аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Г.ҚАЛИЕВА*

*Темір аудандық мәслихатының
хатшысы
Б.ІЗБАСОВ*

Темір аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17
ақпандағы № 84
шешіміне қосымша

Темір аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-123 тіркелген, 2010 жылғы 12 наурызда "Темір" газетінде жарияланған).

2. Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 218 "Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-139 тіркелген, 2011 жылғы 25 ақпанда "Темір" газетінде жарияланған).

3. Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 90 "Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3554 тіркелген, 2013 жылғы 19 сәуірде "Темір" газетінде жарияланған).

4. Темір аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 қарашадағы № 130 "Темір аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3691 тіркелген, 2013 жылғы 13 желтоқсанда "Темір" газетінде жарияланған).

5. Темір аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 245 "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" 2010 жылғы 12 ақпандағы № 179 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4336 тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Темір" газетінде жарияланған).